

МАД сыныптарында оқуға психологиялық дайындығын диагностикалау және коррекциялық дамыту жаттыгулары

1. Қабылдау мен дамытуды бағалау технологиясы.
2. Баланың зейін деңгейін бағалауға арналған технология.
3. Байқағыштықты және зейінді бағалауға арналған технология.

Бұл технологияның мақсаты – мектепке баратын балалардың оқуға мотивациялық дайындығын анықтау.

Баланың оқуға қарым-қатынасын, басқа да оқуға дайын екендігін білдіретін психологиялық белгілері баланың мектепте оқуға дайын не дайын еместігін білдіреді. Егер де баланың таным процестері жаксы дамыған болса да және ол басқа балалармен және үлкен адамдармен іс -әрекетке түсе алса да, бала толығымен мектепте оқуға дайын деп айтуға болмайды. Екі психологиялық дайындық белгілерінің салдарынан оқуға деген ынтаның болмауы – танымдық және коммуникативтік - баланы мектепке қабылдауға мынадай шарттар қою арқылы рұқсат береді, алғашқы бірнеше айдан үшінде оның мектепке баруы оқуға деген қызығушылығын ашуы керек.

Тәжірибе көрсеткеніндей бұл әдісті жүргізген кезде 0 ұпай және 1 ұпайды бағаларды қоюмен шектелмеу керек, өйткені, біріншіден, мұнда күрделі сұраптар кездеседі, ал бала оның біреуіне жауап берсе, басқаларынан қателесуі мүмкін, екіншіден, берілген сұраптың жауабы бір жерінен дұрыс болса, бір жағынан қате болуы мүмкін. Бала толығымен жауап берे алмаған күрделі сұраптар үшін және жартылай дұрыс жауап қайтарылған сұраптар үшін 0,5 ұпай қою ұсынылады. Толық қамтылған, дұрыстығына күмән келтірмейтін жеткілікті сенімді жауаптар 1 ұпаймен дұрыс және толық бағаланады. Мысалға; 2 сұраптың толық жауабы («Мектепке барудың қажеттілігі қандай ?»), мынадай болу керек: «Қажетті білімді, іс-әрекеттерді және дағдыны үйрену үшін. «Оқу үшін» деп жауап берілген болса, онда бұл жауап толық емес ретінде бағаланады. Қажетті білім, іс -әрекеттерді және дағыларды үйрену үшін деген жауап қайтарылмаса, онда бұл жауап қабылданбайды, мысалға: «Көңілді болу үшін». Егер бала қосымша бағыттаушы сұраптан кейін өз жауабына еш нәрсе қоса алмаса, онда оған 0,5 ұпай қойылады.

0,5 ұпай аралық баға енгізілгеннен кейін, мектепте оқуға толығымен дайын болып табылатын бала, барлық сұраптарға жауап беру нәтижесінде 8 ұпай жинауы қажет. 5-тен 8 дейін ұпай жинаған бала оқуға толық дайын емес. 5-тен төмен ұпай жинаған бала оқуға мүлдем дайын еместігін білдіреді.


Берілген әдісте баланың жауап қайтаруы үшін төмендегі сұраптар қойылады.

1. Сенің мектепке барғың келеді ме ?
2. Мектепке барудың қажеттілігі қандай?
3. Сен мектепте немен айналысадын?
4. Мектепке баруға дайын болу үшін, қандай заттар болу керек?
5. Сабак деген не? Сабакта не істейді?
6. Мектепте сабак үстінде өзінді қалай ұстаудың керек?
7. Үй тапсырмасы дегеніміз не?
8. Үй тапсырмасын не үшін орындау керек?
9. Мектептен келген кезде, үйде не істейсін?
10. Мектепте оқи бастағаныңда сенің өмірінде қандай қызықтар пайда болады?

6- 7 жастағы баланың мектепке даярлық деңгейі бір немесе бірнеше күрделі тесттер жиынтығынан тұратын кешен көмегі арқылы анықталады. Қарапайым тесттерге фонематикалық есту тесті, мағынасыз буындарды қөшіру және сөздік тесттерді жатқызуға болады. Күрделі тесттерге қысқа мерзімді есте сактауды анықтау және ойлау қабілетін бағалауға арналған тесттерді жатқызамыз. Сынақ жұмысы 15-20 минут аралығында жүргізіледі.

1.1 Қабылдауды анықтауға және дамытуға арналған әдістеме

Нұсқау: төмендегі суреттерді рет – ретімен мәселеге байланысты орналастыр.



1.2 “Фигураны тап”

Мақсаты: Бұл әдістеме баланың зейін деңгейін анықтауға арналған. Әдістемеде балаларға сурет ұсынылады.

Нұсқау: «Баланың алдына қатарынан бес сурет қойылады. Сурет сол жақта орналасқан тігінен он жақта тұрған бөлек төрт суреттің біреуіне ұқсайды. Тезірек сол ұқсас суретті тауып көрсету».

Алдымен байқау үшін баланы бір суретті табуға шақырады. Кейіннен зерттеуші балалардың түсінгеніне көз жеткізген соң, бірден онға дейінгі суреттерді табуға шақырады. Эксперимент бала он тапсырманы аяқтағанға дейін жалғасады, бірақ уақыты 1,5 минуттан аспауы керек.

Бағалау нәтижесі

10 ұпай - бала барлық тапсырманы 45 секундта шешті.

8-9 ұпай -бала барлық тапсырманы 45-50 секундта шешті.

6-7 ұпай -бала барлық тапсырманы 50-60 секундта шешті.

4-5 ұпай -бала барлық тапсырманы 50-70 секундта шешті.

2-3 ұпай -бала барлық тапсырманы 70-80 секундта шешті.

0-1 ұпай - бала барлық тапсырманы 80 секундта шешті


10 ұпай - өте жоғары.

8-9 ұпай - жоғары.

4-7 ұпай -орташа.

2-3 ұпай -төмен.





0-1 ұпай -өте төмен.




Байқағыштықты және зейінді анықтауға арналған әдістеме.

Нұсқау: төменгі және жоғарғы суреттерден айырмашылықты табыңдар







«Әрекетті тандау» әдістемесі.

Мақсаты: мектеп алды даярлық тобында тұлғааралық қатынасты зерттеу және бағалау. Берілген әдіс социометриялық әдістің бір нұсқасы болып табылады.

Барысы: топтағы әр балаға өзі қалаған үш зат беріледі. Ол ойыншық, сурет, конфет т.б болуы мүмкін. Бұл 3 затты өзінің ынғайына қарай бала тандауы қажет.

Нұсқау: «Осы заттардың қайсысы өзінде ұнайды және қажеттілік деңгейі бойынша бағала. Мысалы, 1-ші орынға ең керек деген затты, 2-ші орынға одан төмендеу, 3-ші орынға қалған затты қоясың. Енді өзіңнің тобынан осы затты сыйлағың келетін 3 баланы тандайсың.

1. Ең жаксы көретін балаға бересің.
2. Екішісіне бересің.
3. Ушіншісіне қалғанын бересің.

Барлық балалар топтағы достарына заттарын таратып болған соң, зерттеуши кімнің қанша зат алғанын анықтайды.

Алынған заттардың санына сай келесі формуланың көмегімен баланың социометриялық бедел анықтауға болады.

$$C = \frac{K}{n} \cdot 100\%$$

n-1

Мұндағы C – баланың бедел, яғни, баланың құрдастарымен қарым-қатынас жүйесіндегі бедел. K – топтағы жолдастарынан алған заттының сапасы. n – топтағы бала саны.

Егер бала зерттеу барысында көп зат алса, онда баланың құрдастарымен қарым-қатынасы жақсы болғаны.

Нәтижені бағалау.

10 үпай - баланың беделінің көрсеткіші 100% тең

8-9 үпай – 80-99% шамасында

6-7 үпай – 60-70% беделінің арақашықтығындағы көрсеткіші

4-5 үпай – баланың беделі 20-30% шамасында

2-3 үпай – баланың белелі 20-39% шамасында

0-1 үпай – баланың беделі 0-19% шамасында

Баланың даму деңгейі.

10 үпай - өте жоғары

8-9 үпай – жоғары

4-7 үпай – орташа

2-3 үпай – төмен

0-1 үпай - өте төмен

Әдістеме « Жыл мезгілдері »

Максаты: Бұл әдістеме балалардың ойлау ерекшеліктерін анықтауға арналған.

Жүргізуі: Балаларға суретті көрсетіп, мұқият қарауды және әрбір бөлшекте қай жыл мезгілі суретtelгенін айтуын сұрайды. Бұл тапсырманы орындауға берілген 2 минут ішінде бала жыл мезгілін айттып қана қоймай, ол туралы өз ойын дәлелдеп және неге олай ойлайтынын айтуы керек.

Корытынды баға.

10 үпай – берілген уақыт ішінде дұрыс жауап берді және әрбір суретті жыл мезгілдерімен байланыстырыды.

8-9 үпай – бала дұрыс жауап береді және барлық суреттерді керекті жыл мезгілдерімен байланыстырады, өз ойын дәлелдейтін 5-7 белгілерді көрсетті.

6-7 үпай - бала барлық суреттегі жыл мезгілдерін анықтайды, бірақ өз ойын дәлелдейтін белгілердің 3-4 ғана көрсетті.

4-5 үпай - бала суреттегі жыл мезгілдерінен тек 1-2 гана тапты, өз ойын дәлелдейтін тек 1-2 белгілерді ғана көрсетті.

0-3 үпай - бала берілген жыл мезгілдерінен біреуін де дұрыс белгілей алмады, накты бір белгіні де көрсете алмады (0-ден 3-ке дейінгі әр түрлі дәрежедегі үпайлар баланын дұрыс жауап беруге ынталанғаны немесе ынталанбағанына қарай қойылады).

Даму сатысына қорытынды.

10 үпай - өте жоғары


8-9 үпай – жоғары

6-7 үпай – орташа

4-5 үпай – төмен

0-3 үпай - өте төмен

4.2 Кімге қандай зат жетіспейді.



Мақсаты: Балалардың ойлау процесін анықтау .

Нұсқау: Осы әдістемеге енгізілген тапсырманы орындауда бұрын, балаларға сурет көрсетіледі, оның сол жағында біреуіне бір нәрсе жетіспей тұрғаны бейнеленген. Оларға жетіспей тұрған нәрселер осы суреттің төменгі жағында, бөлек бейнеленген. Балаларға берілген тапсырманың мәні мынада: негұрлым аз уақытта тиісті балаларды атап, оларға жетіспей тұрған заттарды көрсету.

Нәтижелерді бағалау:

10 үпай – тапсырманы орындау уақыты 30 секундтан аз болып шықты

8-9 үпай – тапсырманы орындау уақыты 31-49 секунд аралығында орындалды.

6-7 үпай – тапсырманы орындауға жұмсалған уақыт 50-69 секунд аралығында болады.

4-5 үпай – тапсырманы орындау үшін 70-89 секунд уақыт жұмсалды

2-3 үпай – тапсырманы орындау уақыты 90-109 секунд аралығында өтті

0-1 үпай – тапсырманы орындау үшін 110 секунд және одан да көп уақыт кетті.

Даму туралы қорытынды:

10 ұпай - өте жоғары

8-9 ұпай - жоғары

4-7 ұпай - орташа

2-3 ұпай - төмен

0-1 ұпай - өте төмен



4.3 Енжар сөздік қорын анықтау

Жүргізілуі: Бұл әдістемеде балаға 5 және 10 сөзден тұратын сөздер ұсынылады. Балаға бірінші қатардағы бір сөзді оқиды – мысалға, «велосипед» осы сөзге екінші қатардағы мағынасы жағынан ұқсас сөзді анықтап айтады. Кейінгі келесі сөздерді 1 секунд өткен соң оқиды. Бала оқылған сөздерді тыңдалап, соған кейін сәйкес сөздерді белгілеп отыру керек. Мысалы: ол егер «велосипед» сөзін естіп, келесі қатардағы ұқсас «ұшақ» сөзін таңдаса, яғни «көліктің түрі» немесе «қозғалыс құралы» ретінде тандауы мүмкін. Егер ары қарай «автомобиль», «автобус» және «мотоцикл» тандау керек болса, келесі қатардағы ұқсас сөзді таппаса, яғни бір оқығаннан түсінбесе, кайтадан оқуын бала талап ете алады,

бірак сөздер тез оқылады. Егер бала бір оқығаннан кейін белглесе, бірак кате болып шықса, зерттеуші қатесін белгілеп, келесі қатарды оки береді.

Ескерту: зерттеуші екінші және келесі қатарды оқымастан бұрын балаға іздейтін сөздердің мәнін ұмытпас үшін табылған сөздерді еске түсіріп отыру қажет. Мысалы: төртінші қатарды окудың алдында бірінші қатардағы ынталандырушы «велосипед» сөзіне бала екінші және үшінші қатарлардан «самолет» және «автомобиль» сөздерін таба алса, зерттеуші балаға: «сонымен біз екеуміз өзара сәйкес мағынада «велосипед», «самолет», «автомобиль» сөздерін таптық. Мен келесі сөздер қатарын оқыған кезде оны есінде сакта және мағыналас сөзді естігенде маған айт»

Сөздер қатары:

1. велосипед, шеге, газет, қолшатыр, жұн, батыр, тербелу, косу, тістеу, үшкір.
2. ұшак, шыртылдақ (кнопка), кітап, плащ, қауырсын, дос, қозғалу, біріктіру, ұру, дөғал.
3. автомобиль, шурып, журнал, етік, қабыршық, қорқақ, жүгіру, байланыстыру, жұлу, тікен.
4. автобус, скрепка, хат, шляпа, мамық, қырсық, айналу, бүктеу, итеру, кескіш.
5. мотоцикл, қыстырығыш, жарнама бәтіңкелер, тері, жау, сүріну, жинау, ұру, катпарлы.